



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»  
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық  
конференциясының  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
международной студенческой научно-практической  
конференции  
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН  
=ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,  
2019. - 157 б.**

**ISBN 978-601-7934-80-4**

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

## АТА-АНАЛАРДЫҢ ӨЛШЕМДІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ҚАБЫЛДАУЫ

Жаппар Айдын Серікбайқызы  
«Бастауышты оқытудың педагогикасы  
мен әдістемесі» мамандығының  
2- курс студентті  
zhappar.a@mail.ru

Хамзина Күлшат Бақытжанқызы  
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ,  
п.ғ.м., педагогика кафедрасының аға оқытушысы  
hamzina\_67@mail.ru

### *Аннотация*

*Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы туралы айтылады. Өлшемді бағалау жүйесі туралы көптеген мәліметтер алатын болады. Осы мақалада ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесі туралы көз қарасын білетін боламыз.*

### *Аннотация*

*Актуальность. Цель. В статье говорится о восприятии родителей системы критериального оценивания. Будет получено много информации о системе критериального оценивания. В этой статье мы узнаем мнение родителей на счёт критериального оценивания.*

### *Abstract*

*Relevance. Goal. The article speaks about the perception of parents of the criteria-based assessment system. There will be a lot of information about the criteria evaluation system. In this article we will learn the opinion of parents on the criterion evaluation.*

**Түйін сөздер:** оқыту, бағалау, рефлексия, мектеп, дәстүрлі бағалау, коучинг.

**Ключевые слова:** обучение, оценка, рефлексия, школа, традиционная оценка, коучинг.

**Keywords:** training, assessment, reflection, school, traditional assessment, coaching.

Бүгінде Қазақстанда білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер және білім берудің деңгейімен сапасына жаңа талаптар қойылуда. Қазіргі кезде білім берудің мақсаты жан-жақты білімді, өмір сүруге қабілеті мол, өзіндік ойы бар, адамгершілігі жоғары, қабілеті бар тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Білім беруде енгізілген жаңа реформалардың бірі өлшемді бағалау жүйесі. Қазіргі кезде оқушылардың білімін бағалаудағы өлшемді бағалау жүйесі ата-аналар үшін сәл қиындық туғызуда.

Білім берудің қазіргі заман талабы - шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзіретті тұлға тәрбиелеу. Қазақстандағы жаңа өлшемді бағалау, оқушының дамуына, оның оқуға қызығушылық пен уәждемесін көтеруіне бағытталған. Егер оқушы мен оның ата-аналарына бағалау өлшемдері жайлы түсінік берілсе, мақсатқа жетуге болады. Анық қалыптасқан бағалау өлшемдер арқылы мұғалім де, оқушы да түсінеді:

- Оқушы қай оқу сатысында тұрғанын?
- Өз оқуында жетістікке ұмтылама?
- Болжамды оқу нәтижелеріне жетуге оған қалай көмектесу қажет?

Ең алдымен біз өлшемді бағалау жүйесін айтпас бұрын ұғымдарға анақтама бергеніміз дұрыс.

**Бағалау** - оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал

ететін фактор. Бағалау, көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі (1-ден 5-ке дейінгі ранг) арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады[1].

**Оқыту** – білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды меңгертуге, дүниетанымын қалыптастыруға, ақыл-ойын және потенциалдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған мұғалім мен оқушылардың арнайы ұйымдастырылған, мақсатты және басқарылатын өзара әрекет ету процесі[2].

Осыған байланысты оқушылар мен ұстаздар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын өлшемді бағалау болып табылады.

**Өлшемді бағалау дегеніміз** – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

**Өлшемді бағалаудың міндеттері:**

- Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейінің анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- Жеке оқушының даму жетістігін бағалау;
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге.

**Өлшемді бағалау мұғалімдерге:**

- Сапалынәтижеалуғабағытталғанөлшемдердіәзірлеуге;
- Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
- Білім беру сапасын арттыруға;
- Оқытудың сапасын жақсартуға;
- Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
- Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
- Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

**Оқушыларға:**

- Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
- Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау өлшемдерін білуге және түсінуге;
- Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
- Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

**Ата-аналарға:**

- Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
- Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
- Оқу үдерісінде оқушыға қолдау көрсетуге;
- Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
- Баланың мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына, мүмкіндік береді.

Өлшемді бағалау оқушы бойындағы үрейленуді босатады, мұғалім төрешілік қызметінен босатылады. Оқушы бойынан өзін-өзі бағалау, өзі жасаған жұмысқа баға беруге үйренеді[3].

Жоғарыда айтылған жаңартылған білім беру жүйесінде өлшемді бағалауды оқыту үдерісіне енгізу мақсатында Қазақстан бойынша арнайы курстар ашылып және мұғалімдерді оқытып жатыр. Ұстаздар өлшемді бағалау жүйесін ата-аналарға үйретуде.

Түрлі әдістер арқылы ата-аналарды өлшемді бағалау жүйесінің пайдасы, оны түрлері мен таныстырады.

Ата-аналар бағалау жүйесін дұрыс түсіне алмауда. Біз болашақ Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының мұғалімі ретінде осы мәселелерді шешуге үлесімізді қосқымыз келеді.

Осы орайда, біз сіздерге жүргізген зерттеу жұмыстарымызды ұсынамыз. Біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбы – «Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы». Жұмысты зерттеу барысында №24 А мектеп-гимназиясында болдық. Осы тақырыпқа жауап табу үшін ұстаздардан кеңес алып, ата-аналардан сұхбат алдық. Ата-аналардың көзқарасы әр түрлі болды. Ұстаздың айтуы бойынша «Өлшемді бағалау өте тиімді, себебі үнемі кері байыланыстар жүргізіліп отырады және де қиындықтар туғызбайды. Оқушылар өз қателіктерін көріп мұғаліммен жұмыс жасайды. Өлшемді бағалау жүйесінде ата-аналармен көптеген коучингтар және ата-аналар жиналысын өткізіп тұрамыз. Қалыптастырушы бағалау және Жиынтық бағалау жүйесін ата-аналар жиналысында үнемі айтылып отырады».

Ата-аналар мен жүргізген сұхбат кезде әр ата-ананың ойы әр түрлі болды. Ата-аналардың ойы бойынша кейбіреулері бұл бағалау жүйесін қолдайды және тиімді деп ойлайды, кей ата-аналар бұл бағалау жүйесін қолдамайды. Ата-аналардың сөзіне тоқталып кеткім келеді:

**Ата – ана пікірлері:**

1. «Менің балам 1-сынып оқушысы. Мен өлшемді бағалау жүйесін қолдаймын себебі олар өз-өзін бағалауға дағдыланады және әр бала өлшемді бағалау жүйесін біледі. Бізге өлшемді бағалау жүйесін ата-аналар жиналысында айтып отырады. Мен бағалау жүйесін түсінемін және баламның оқуын менде бағалай аламын».

2. «Мен өлшемді бағалау жүйесін қолдамаймын. Себебі бұл бағалау түрі балама қиындық туғызуда және мен өлшемді бағалау жүйесін дұрыс түсінбеймін. Себебі менің балам ауызша жауап бергенді қалайды, тест түрін де балама қиындық туғызуда. Баламның ойлау қабілетін дамытпайды. Мен әлі де өлшемді бағалау жүйесін дұрыс түсіне ала-алмай жүрмін».

3. «Мен ата-ана ретінде өлшемді бағалау жүйесін қолдамаймын. Себебі бұл бағалау АҚШ-та ең алғаш пайда болған. Бұл бағалау жүйесін ең алғаш ойлау қабілеті төмен балаларға арналған жүйе ретінде пайдаланылған. Бізге бұрынғы дәстүрлі бағалау жүйесі тиімді болып табылады және мен дәстүрлі бағалау жүйесін қолдаймын».

4. «Мен өлшемді бағалау жүйесін түсінемін және оған қарсы емеспін, бірақ баламның осы уақытқа дейін оқығанын бір ғана тестпен шешілгенін қаламаймын».

Біз ізденіс барысында мұғалімдер өлшемді бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленетінін, қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталғандығын, жиынтық бағалау мақсатты баға қоюға және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет екендігін және рубрика бағалау өлшемдеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі екендігін түсінді.

Сонымен бірге мектептерде қалыптастырушы, жиынтық бағалау түрлерін толыққанды ата-аналарға түсіндіруде. Ата-аналар көзқарасы әр түрлі болғанымен ойы бір. Себебі барлығы өз балаларының білімді азамат (азаматша) болғанын қалайды.

Сөзімізді қорытындылай келе өлшемді бағалау-бүгінгі білім жүйесіндегі жаңа талап. Білім алушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру үшін, мұғалім өлшемді бағалау жүйесін қолдану арқылы алға қойған мақсаттарына жетсе, нәтижесінде ата-аналар өлшемді бағалауды жақсы қабылдағанын білеміз.

### Әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Бағалау>
2. Жалпы педагогика. А.М.Баймуханова, М.А. Құсайнова.
3. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.

## КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ПЕДАГОГИКА САБАҚТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қуаныш Ақжан,  
ҚМПУ Педагогика және психология 4 курс студенті  
Утегенова Бибикуль Мазановна  
п.ғ.к., доцент  
Қостанай қ.  
bibi1960@mail.ru

### Аннотация

*Өзектілігі. Мақсаты. Бұл мақалада колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін қалаптастыруды негізге ала отырып, колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың жолдары мен сабақта көшбасшылықты қалыптастырудың педагогикалық шарттарын құру. Көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып студенттердің бойында көшбасшылықты қалыптастырамыз.*

### Аннотация

*Актуальность. Цель. В данной статье рассматриваются пути формирования педагогических условий формирования лидерства на уроке, основываясь на формировании лидерских качеств студентов колледжа и формировании лидерских качеств студентов колледжа. Используя различные методы и приемы формирования лидерских качеств, мы формируем лидерство у студентов.*

### Abstract

*Relevance. Goal. This article discusses the ways of formation of pedagogical conditions for the formation of leadership qualities in the classroom, based on the formation of leadership qualities of College students and the formation of leadership qualities of College students. Using various methods and techniques of forming leadership qualities, we form leadership among students.*

**Тірек сөздер:** көшбасшылық, көшбасшылық қасиеттер, педагогикалық шарттар

**Ключевые слова:** лидерство, лидерские качества, педагогические условия

**Keywords:** leadership, leadership qualities, pedagogical conditions

Көшбасшы ( ағылшынша «leader» - басқарушы деген мағынаны білдіреді) – нақты ресми және бейресми ұйымдағы бір адамның басқа адамға немесе топқа әсер ету арқылы басқарудың көрінісі. Осы пікірді ұстанатын болсақ, Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді, болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техниканы меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
<i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов.....	4

### **СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»**

<i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	10
<i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....	16
<i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....	21
<i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер.....	25
<i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....	28
<i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....	31
<i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....	35
<i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....	39
<i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....	43
<i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....	47
<i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....	50

### **СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

<i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....	54
<i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....	57
<i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....	60
<i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.....	65
<i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....	70

Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері..... 76

### СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

<i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.</i> Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.....	79
<i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.</i> Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....	83
<i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.</i> Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....	88
<i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.</i> Технологический подход в обучении.....	94
<i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н.</i> Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....	100
<i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.</i> Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....	103
<i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.</i> Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....	109
<i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.</i> Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....	113
<i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К.</i> Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....	120
<i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.</i> Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....	126
<i>Идрисова А. М., Бекенова А. К.</i> Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....	136
<i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.</i> Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....	139
<i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.</i> Управление инновациями в современной школе.....	141
<i>Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.</i> Особенности экологического воспитания студентов.....	146
Конференция тұжырымдамасы.....	151
Резолюция конференции.....	153